



Қанабекова М.

ТАРИХИ СТИЛИСТИКА МӘСЕЛЕСІНЕ

В статье рассматриваются некоторые вопросы исторической стилистики. В отличие от стилистики речи предмет исторической стилистики языка мог бы составить эволюцию систем стилистических средств, историю стилей и историческую поэтику.

Some questions of historical stylistics are considered in this article. Besides stylistic speech the subject of historical stylistic language could form the evolution of system of stylistic means, history of style and historical poetics.

Қазіргі кезеңдегі тіл стилистикасы ғылымы теориялық тұрғыдан біршама негізделіп, қоғамның дамуы мен интеграциясына байланысты оның практикалық мәні де артып отыр. Әдеби тілдің қоғамдық қызмет аясының кеңеюіне байланысты оның функционалды стильдері де тармақталып, даму үстінде. Сондықтан зерттеушілер алдына тілдің стильдік табиғатын жан-жақты тану, тереңнен зерттеу талабы қойылып отыр.

Стилистика тілдің көркемдеуіш құрал-дарын зерттейтін тіл білімінің саласы болғандықтан, өзге тіл білімі пәндерінің арасынан ерекше орын алады. Белгілі бір тілдегі тілдік бірліктердің құрамы мен категорияларына, олардың өзара байланыстары мен ара қатынастарына талдау жүргізетін, яғни тілде «нелер барын» зерттейтін пәндерден стилистиканың айырмашылығы - ойды жеткізуде сол тілдің тілдік бірліктері мен категориялары қалай пайдаланылады деген сауалға жауап беруінде. Стилистика тілдің қолдану мәселесін қарастырады. Бұл оның басты назарында болады және оның тіл білімі салалары арасындағы дербес ғылым ретінде танылуының мәні мен мағынасы да осында.

Стилистиканың зерттейтін саласы – стильге М.Серғалиев төмендегідей сипаттама береді:

1) әдеби тілдің бір түрі; демек сол тілде сөйлейтін баршаға түсінікті сөздер мен конструкциялар;

2) стиль - тарихи категория;

3) стиль - қоғамдық қызметтің бір саласында жұмсалады;

4) тілдік құралдардың қалай болса солай тіркескен тобы емес, шартты тұйықталған тобы [1].

Мұны стиль жөнінде айтылған "белгілі бір тілдегі лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тәсілдердің қолдану принциптері" деген анықтамалардың кеңейген, қазіргі стиль мәселесіне терең үңіліп, әртүрлі қасиетін танудан туған тұжырым деуге болады.

Тарихы көне дәуірден бастау алған, өз қоғамына қызмет етіп отырған мемлекеттік мәртебесін алған тілдің тарихын тану, функционалды стильдердің әр дәуірде біреуінің ерте, біреуінің кеш даму сатысын бастан кешіргенін жүйелеу стильдің тарихи категория екенін толық дәлелдейді.

Қазақ әдеби тілінің тарихымен байланысты М. Балақаев, Р. Сыздықова, Е. Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев, С.Исаев, т.б. ғалымдардың еңбектерінде әдеби тілдің дәстүрлі нормаларының, ұлттық әдеби тілдің стильдік салалары мен тармақтарының, жанрларының зерттелуі; Б.Әбілқасымовтың еңбектерінде қазіргі әдеби тіл



нормаларының ескі қазақ жазба тілімен салыстырыла қарастырылуы; Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, Е.Жұбановтың әдеби тіл тарихын ауызша сөз өнерімен, әсіресе ақын, жыраулар поэзиясының сөз үлгілерімен байланысты қарайтын зерттеулері сөз мәдениетінің нормативті-функционалдык аспектісін эмперикалық, теориялық материалдармен байыта түсті [2.5].

Адамның эмоциясын жеткізудегі тілдің экспрессивтік қызметі ғалымдардың назарын көптен бері аударып келеді. Стилистиканың ғылым ретінде дамуына түрткі болған В.Гумбольдт, К.Фосслер зерттеулері дүниеге келген заманнан бері бұл бағытта көптеген еңбек жазылды. Сол кезеңдегі тілдің эстетикалық табиғатын оның экспрессивтік қызметімен тығыз байланыста қараған тұжырымдар бүгінде дамытылып, стилистиканың экспрессивтік стилистика саласының арнайы қарастыратын мәселелеріне айналды.

Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының бүгінгі күнде өзекті мәселеге айналуына қазіргі қоғамдағы жеке тұлғаны тануға деген ерекше ықыластың, осыған байланысты қоғамдық ғылымдардың дамуындағы жаңа гуманитарлық парадигманың қалыптасуы да ықпал етіп отыр. Бұл бағыттағы ғылыми-теориялық зерттеулер мен талдаулар психоллингвистика, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, этнопсихология, жеке тұлғаның лингвопсихологиясы, лингвокогнитивтік психология, лингвомәдениеттану мәселелерін анықтауға қажетті ақпараттарды береді. Экспрессивтік стилистиканы ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің перспективасы тілдегі дара стиль категориясын, көркем шығарма тілін, функционалды стилистика, стилистикалық ресурстар, ортология, сөз мәдениеті т.б. мәселелерді әр қырынан және тереңірек зерттеуге ықпал етеді [3].

Стилистика тілі дамуының өткен кезеңдеріндегі ұжымдық тілдік норманы да зерттейді. Бұл мәселемен тарихи стилистика айналысады. Ол тек қандай да бір стильдің немесе тіл бірлігінің стильдік бояуының өзгеруін анықтауға тырысып қана қоймай, ең алдымен сол стилистикалық жүйенің тарихын, тілдің әр алуан стильдерінің пайда болу, қалыптасуы мен даму, олардың өзара қарым-қатынасы тарихын зерттейді.

Стилистика пәні өте күрделі әрі біртектес болмауына байланысты оның кейбір салаларын дербес ғылыми пән тұрғысынан анықтауда түрлі көзқарастардың болуын да табиғи құбылыс деп қабылдағанымыз жөн.

Тіл білімінде, зерттеудің алға қойған мақсатына қарай, төмендегідей бөліп топтастырады:

- 1) Лексикалық стилистика;
- 2) Фразеологиялық стилистика;
- 3) Функционалды стилистика;
- 4) Синтаксистік стилистика;
- 5) Фонетикалық стилистика.

Бұл салалардың әрқайсыларының атқаратын нақты міндеттері, өздеріне тән ұғымдары және категориялары бар.

Сонымен қатар ғалымдар тарихи тұрғыда, белгілі бір тарихи кезеңде стильдердің дамуын зерттейтін тарихи стилистика мен түрлі жүйеге жататын тілдердегі стильдердің арақатынастарын зерттейтін салғастырмалы стилистиканы бөліп қарастырады.

Г.О. Винокур «Тіл тарихының міндеттері» деген мақаласында стилистиканы нақты бір тілдің тарихын зерттейтін пәндер кешенінің қатарына қосу керектігін айтқан болатын. Тілдің құрылымын зерттейтін фонетика, грамматика, лексикология сияқты пәндерден айырмашылығы стилистика тілдің қолдануын зерттейтін пән болуында. Сондықтан нақты бір тілдің тарихына сипаттау «өзінің мәңгілік қалыптасуындағы тіл механизмінің бейнесін» ғана емес, қауымның осы механизмдерді түрлі мақсаттары үшін пайдалануына көмектесетін әдіс-тәсілдерді қамтығанда ғана толық әрі жан-жақты болады [4].

Тарихи стилистиканың шешімін табуды қажет ететін негізгі мәселесі лингвистикалық стилистиканың тарихи тұрғыдан қарастырылмауынан туындайтын тәрізді. Бұл өте күрделі мәселе, өйткені тіл стилистикасы тіл тарихының өзге салалары сияқты тіл бірліктерін зерттейді, бірақ оны өзгеше көзқарас тұрғысынан қарастырады. К.А. Долининнің пікірінше, ол тіл бірліктерінің инварианттық стилистикалық мағыналарын анықтайды [5.55].

Тіл стилистикасының жеке мәселесі – бұл тілдік бірліктер қорынан нақты мақсатқа таңдап алынатындықтан тілдік қарым-қатынастың түрлі жағдайына бірдей келе бермейтін, белгілі бір қоғамда, белгілі бір уақытта орныққан тілдік дағды мен тілдік норманың жиынтығы ретінде ұғынылатын тілдік қолданыс мәселесі.



Тілді пайдаланудың түрлі әдістерінің өзіндік тарихы болады және дыбыстардың, грамматикалық формалардың, лексиканың өзгергені сияқты ол да өзгеріп отырады. Тілді пайдаланудың осы түрлі әдістері тілдің тарихи стилистикасы пәнін түзген болар еді. Мұндай жағдайда зерттеушінің міндеті сөйлеушінің тілдік амалдарды таңдауына талдау жасау және коммуникация процесі қайткенде аса тиімді және коммуникативтік ситуацияға адекватты болатынын анықтау болып табылады.

Тілдің тарихи стилистикасының тағы бір маңызды мәселесі, біздің ойымызша, норма ұғымымен байланысты. Кез келген тілдік фактіні нормативті қолдану хабардың жеке тұлғаға, сөйлеушінің интенциясы мен коммуникативтік актінің жағдайына байланысты қалай өзгеретінін бақылауға мүмкіндік беретін бағыт-бағдар ретінде қызмет етеді. Нормативті қолдану бағалаушылық пайымдауды да, экспрессивті реакцияны да тудырмайтын нақты түсінікпен сипатталады.

Тарихи стилистика, біздің ойымызша, біріншіден, бір стилистикалық амал-тәсілдер жүйесінің басқаларымен ауысуын тұтастай алып қарастыруды, екіншіден, стильдер мен жанрлардың тарихын, үшіншіден, тарихи поэтиканы, төртіншіден, мәтін стилистикасын статикалық және динамикалық тұрғысынан қарастыруды қамтуы керек.

Әдебиеттер:

1. Серғалиев М. Стилистика негіздері. - Астана, 2006.
2. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. автореф-ты, - Алматы, 2007.
3. Қоянбекова С. Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері: ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. автореф-ты, - Алматы, 2008.
4. Винокур Г.О. О задачах истории языка. //Звегинцев В. А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. - Ч.2. - М.: Учпедгиз, 1960. - С. 261.
5. Долинин К.А. Стилистика французского языка. - Л.: Просвещение, 1978.